

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ

СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ РЕГЛАМЕНТИ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер

Мақсаты

1-бап. (1) Бұл регламенттің мақсаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы және басқа да мемлекеттерден студенттерді қабылдау, іріктеу және орналастыру мен студенттерге берілетін шәкіртақыларға қатысты тәсілдер мен негіздерді реттеу болып табылады.

Қолдану аясы

2-бап. (1) Бұл регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы және басқа да мемлекеттерден студенттерді қабылдау, іріктеу және орналастыру мен студенттерге берілетін шәкіртақыларға қатысты жұмыстарды қамтиды.

Негіздеме

3-бап. (1) Осы регламент, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 8-ші бабының (с) тармағы мен 19-шы бабына негізделе отырып дайындалды.

Қысқартылған сөздер

4-бап. (1) Осы регламентте берілген;

a) Оралман: Шет елде тұратын қазақ ұлтты азаматтарды,

b) Грант: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары толенетін студент контингенттерін,

c) Қабылдау комиссиясы: Өздері жіберілген ел немесе аймақта студент іріктеу жұмыстарын жүргізетін комиссияны,

d) Ұйымдастыру комиссиясы: Университет пен тиісті мемлекет және қауымдастықтар арасындағы ресми хат алмасуларды жүргізетін, сондай-ақ студенттерді іріктеу мен орналастыру жұмыстарын нәтижелендіретін комиссияны,

e) ҰБТ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан жүргізілетін ұлттық бірынғай тестті,

f) Өкілетті Кеңес: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесін,

g) ӨІОО: Түркия Республикасының өлшеу, іріктеу және орналастыру орталығын,

h) СІОЖ: Түркия Республикасының студент іріктеу және орналастыру жүйесін,

i) Ректор: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президентін,



j) Ректор Өкілі: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің I
Вице-президентін,

k) Ректорат: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Ректоратын,

l) Университет: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін
білдіреді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Студент қабылдауға қатысты тәртіптер мен негіздер

Жалпы ережелер

5-бап. (1) Әр оқу жылы үшін студент іріктеу жұмыстары жүргізілетін елдер мен
қауымдастықтар және осы елдер мен қауымдастықтардың студент контингенттері
Ректораттың ұсынысы негізінде Өкілетті Кеңестің шешімімен наурыз айына дейін
анықталады.

(2) Қазақстан Республикасының студенттеріне арналған студент іріктеу жұмыстары, ҰБТ-ның нәтижесіне қарай жүргізіледі.

(3) Түркия Республикасының студенттеріне арналған студент іріктеу жұмыстары, ӨІОО тарапынан СІОЖ – мен жүргізіледі.

(4) Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасынан басқа елдерден
университетке қабылданатын студенттер, халықаралық жарамдылығы бар емтихан
ұпайларына немесе орта мектептегі орташа ұпай (баға) көрсеткішіне қарай
Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан ірктеледі.

(5) Түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардың толмаған
контингенттеріне белгіленген контингенттерден асып кетпеу шартымен Ректорат
тарапынан қосымша студент іріктеу жұмыстары өткізуі мүмкін. Қосымша студент
іріктеу жұмыстарының нәтижесінде де контингенттер толмай қалған жағдайда,
толмаған контингенттер Ректораттың ұсынысы және Өкілетті Кеңес Төрағасының
бекітімін жалпы белгіленген контингент санынан асып кетпеу шартымен басқа
елдерге берілуі мүмкін.

(6) Түркі елдер мен туыстас қауымдастықтардың контингенттеріне оралман
талаапкерлер қабылданбайды.

(7) Жоғарыда атап өткен грант негізінде окуға қабылданатын студенттерден
басқа, Тарап мемлекеттерден немесе өзге елдерден ақылы негізде студент қабылдауға
болады; Түркия Республикасының азаматы болып табылатын студенттер ӨІОО
тарапынан ұйымдастырылатын СІОЖ арқылы орналастырылуы тиіс. Ақылы негіздегі
студенттер контингенті Ректораттың ұсынысы негізінде Өкілетті Кеңестің шешімімен
белгіленеді. Ақылы негізде окуға қабылданған студенттер Дайындық бөлімімен қоса
барлық курсарды ақылы негізде оқиды. Студенттердің окуға төлейтін төлемақысы
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ректорат тарапынан анықталады.
Ақылы негізде оқытын студенттерді іріктеу жұмыстары жоғарыдағы тәртіп бойынша
Ректорат тағайындаған Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жүргізіледі. Ақылы
негізде окуға қабылданған студенттерге университет тарапынан шәкіртакы және жол
акы төленбейді.



(8) Университетке оқуға қабылданатын шетелдік студенттердің Қазақстан Республикасындағы немесе Түркия Республикасындағы орта мектепті және соған деңгейлес (тең) оқу орындарын бітірген болуы керек.

(9) Студент іріктеу жұмыстары әр жылдың маусым және шілде айларының ішінде жүргізіледі.

(10) Пошта және интернет арқылы жіберілген өтініштерден (құжаттардан) басқа, Түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан студент іріктеу жұмыстары, университет пен тиісті елдің оқу орындары немесе қоғамдық ұйымдардың арасында қол қойылған келісімшарт негізінде жүргізіледі.

ҰШІНШІ БӨЛІМ

Шетелдік студенттердің іріктелуі

Студент іріктеу тәртібі

6-бап. (1) Студент іріктеу және орналастыру жұмыстары Ректорат тағайындаған Ұйымдастыру комиссиясы тарарапынан жүргізіледі. Ұйымдастыру комиссиясы; Дайындық тіл үйрету орталығының директоры, Дайындық тіл үйрету орталығы директорының орынбасары, шетелдік студент істеріне жауапты қызметкер, Халықаралық қатынастар бөлімі бастығы және Әкілетті Кеңес Басқармасының ортақ келісімімен тағайындалған бір адамнан құралады. Әкілетті Кеңес Басқармасы тарарапынан Ұйымдастыру комиссиясына тағайындалатын мүше, тек талапкерлердің өтініштері қаралатын кезде ғана өз міндетін атқарады.

(2) Талапкерлердің тапсырған құжаттарын қабылдап алу және оны Ұйымдастыру комиссиясына тапсыру жұмыстары, Қабылдау комиссиясы тарарапынан жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы; Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикаларының білім беру жүйесін біletін (менгерген) университет қызметкерлерінен құралады.

(3) Ұйымдастыру комиссиясының талапкерлердің құжаттарын қабылдау жұмыстарына қатысты міндеттері мыналар:

a) Қабылдау комиссиясын және студент іріктеу жұмыстарын жүргізетін елдер мен қауымдастықтарды анықтап, университеттің Президенті мен I Вице-президентінің бекітуіне ұсынады.

b) Қабылдау комиссиясының жұмыстарын қадағалайды.

c) Университет пен тиісті ел және қауымдастықтар арасындағы хат алмасу жұмыстарын жүргізеді.

d) Құжат тапсыру ережелерін аныктайды және университетпен келісімшарт жасаған тиісті ел және қауымдастықтардың мекемелеріне құжат тапсыру ережелері жайлы мәлімет береді.

e) Құжат тапсыру ережелерін және тиісті ел мен қауымдастықтарға берілген контингенттерді сәуір айының ішінде университеттің web сайтына жариялады.

f) Пошта және интернет арқылы жіберілген талапкерлердің өтініштерін (құжаттарын) қабылдайды.

(4) Қабылдау комиссиясының міндеттері мыналар:

a) Ұйымдастыру комиссиясынан мына төмендегі құжаттарды қабылдап алады:

1) Тиісті ел немесе қауымдастықтың студенттер контингентін көрсететін тізім.



2) Талапкерлерден тиісті құжаттардың алынғандығын растайтын хаттама.

3) Келісімшарт мерзімі аяқталған жағдайда, университет пен студент іріктеу жұмыстары жүргізілген ел немесе қауымдастық өкілдері арасында қол қойылатын келісімшарт.

b) Талапкерлерден мына төмендегі құжаттарды қабылданап алады:

1) Өтініш.

2) Нотариуспен расталған транскрипция (диплом қосымшасы) көшірмесі.

3) Нотариуспен расталған диплом (аттестат) көшірмесі.

4) Нотариуспен расталған жеке куәлік көшірмесі.

5) 6 дана 3 x 4 фотосурет.

6) Виза қажет елдерден құжат тапсырған талапкерлердің төлқұжаттарының көшірмесі.

c) Өздері жіберілген (барған) ел немесе аймақтың талапкерлеріне университет пен мына төмендегі мәселелер жайлы мағлұмат береді:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына бағыну, сондай-ақ мәдени және рухани құндылықтарға құрмет көрсету.

2) Университет Жарғысы мен регламенттеріне бағыну.

3) Дайындық бөлімінің сабактарына міндettі түрде қатысу.

4) Қазақстан Республикасының гранты мен орналастырылатын бөлімдердің Дайындық бөлімінің соңында өтетін қорытынды емтиханның нәтижелеріне қарай анықталуы.

d) Қабылдау комиссиясы іс-сапар мерзімдері біткен күннен бастап ең кеш дегенде бір апта ішінде талапкерлерден тиісті құжаттардың алынғандығын растайтын хаттама мен нотариуспен расталған басқа да құжаттардың көшірмелерін Ұйымдастыру комиссиясына тапсырады.

(5) Алдын-ала хабарланған, өтініш беретін (құжат тапсыратын) соңғы күннен бастап ең кеш дегенде 10 күн ішінде Ұйымдастыру комиссиясы өтініштерді қарап шыгады.

(6) Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан тиісті ел немесе қауымдастыққа бөлінген контингенттерге студент орналастыру жұмыстары сол елдерден өтініш берген (құжат тапсырған) талапкерлердің халықаралық жарамдылығы бар емтихан ұпайларына немесе орта мектептегі орташа ұпай (бага) көрсеткішіне қарай жүргізіліп, бөлінген контингенттер орташа бага (ұпай) көрсеткіші ең жоғары талапкерден бастап толтырылады. Талапкерлердің емтихан ұпайлары немесе орташа ұпай (бага) көрсеткіштері тен болған жағдайда, Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан белгіленген критерийлерге қарай шешім қабылданады.

(7) Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан іріктелген талапкерлер, университеттің Президенті мен I Вице-президентінің бекітуімен Дайындық бөліміне қабылданады.

(8) Студент іріктеу жұмыстарының нәтижесі, университеттің Президенті мен I Вице-президенті бекіткен күннен бастап ең кеш дегенде бір апта ішінде Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жазбаша түрде тиісті мекемелерге немесе талапкерлерге хабарланады және орналастырылған талапкерлерге оқуға қабылданғандығы туралы құжат жіберіледі. Сондай-ақ нәтижелер университеттің web сайтында да жарияланады.



(9) Дайындық бөлімінің соңында өткізілетін қорытынды емтиханда жоғары ұпай алған талапкерлерді тиісті факультет және бөлімдерге орналастыру жұмыстары да Ұйымдастыру комиссиясы тараپынан жүргізіледі.

Тіркеу жұмыстары

7-бап. (1) Ректорат тараپынан университетке (окуға) қабылданғандыктары туралы өздеріне хабарландыру жасалған шетелдік студенттер, талап етілген құжаттарды қазақ немесе орыс тілінде 20 қыркүйек пен 5 қазан күндері аралығында Дайындық тіл үйрету орталығы дирекциясына тапсырып, тіркеледі. 5 қазанға дейін құжаттарын тапсырмаған талапкерлер, тіркеуге алынбайды (окуға қабылданбайды).

(2) Түркия Республикасынан қабылданған студенттердің тіркеу жұмыстары Өкілетті Кеңес Басқармасы тараپынан жүргізіледі. Талап етілген құжаттар түрік тілінде Дайындық тіл үйрету орталығы дирекциясына жіберіледі.

(3) Талапкерлер университетке тіркелу (окуға қабылдану) үшін мына төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- a) Өтініш
- b) Талапкердің окуға қабылданғандығы туралы құжат
- c) Ұйымдастыру комиссиясының шешімі
- d) Диплом және диплом қосымшасының (транскрипция) түпнұсқасы
- e) Нотариуспен расталған жеке куәлік көшірмесі
- f) Нотариуспен расталған төлкүжат көшірмесі
- g) Талапкердің денсаулық сақтау мекемелерінен алған жүқпалы және басқа да аурумен ауырмайтындығын растайтын анықтаманың түпнұсқасы немесе оның нотариуспен расталған аудармасы
- h) 6 дана 3 x 4 фотосурет

(4) Қазақстан Республикасында үш айдан артық уақыт аралығында білім алатын шетелдік студенттер денсаулық анықтамалары болмаған жағдайда, СПИД-ке қарсы тексеруден өтеді.

(5) Окуға қабылданған талапкерлер өздерінен талап етілген тиісті құжаттарды кемшіліксіз толық өткізгеннен кейін, Ұйымдастыру комиссиясының ұсынысы және университеттің Президенті мен I Вице-президентінің бекітуімен студент қатарына қабылданады.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ Соңғы және басқа да ережелер

Виза алу жұмыстары

8-бап. (1) Түркия Республикасынан және басқа елдерден университетке (окуға) қабылданған студенттерге кіру-шығу визасы Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен, шығындары студент тараپынан төлену шартымен университеттің Халықаралық қатынастар бөлімі арқылы алынады.

Жол шығындары



9-бап. (1) Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасының студенттерінен басқа, Өкілетті Кеңес Басқармасы тарарапынан арнайы Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтар үшін белгіленген шәкіртақы төленетін контингент негізінде келген студенттерге жылына бір рет елдеріне бару-қайту жол шығындары төленеді. Егер оқудан шықкан жағдайда, тек қайту жол шығыны ғана төленеді.

Шәкіртақы негіздері

10-бап. (1) Дайындық бөлімінің тыңдаушыларына бөлінген Қазақстан Республикасының мемлекеттік шәкіртақысының 50 %-ы түркі елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген, ал қалған 50 %-ы Түркия Республикасынан келген тыңдаушыларға төленеді. Түркия Республикасынан және түркі елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген студенттерге (тыңдаушы) бөлінген Қазақстан Республикасының мемлекеттік грант орындары толмаған жағдайда, контингенттер арасында өзгерістер жасалып гранттар бөлінеді.

(2) Дайындық бөлімінің I-ші жарты жылдығында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шәкіртақысының белгіленуі, 5 казанға дейін университетке (оқуга) қабылданған студенттердің арасында Өкілетті Кеңес тарарапынан белгіленген контингенттер мен аттестаттарының орташа баға (ұпай) көрсеткіштері назарға алына отырып жүргізіледі.

(3) Дайындық бөлімінің студенттеріне (тыңдаушы) I-ші жарты жылдықта берілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шәкіртақысы, студенттердің (тыңдаушылардың) оқу үлгерімі мен сабакқа қатысуына қарай екінші жарты жылдықта қайтадан белгіленеді. Ақылы негізде оқуға қабылданған студенттер (тыңдаушылар) бұл құқықты пайдалана алмайды.

(4) Қазақстан Республикасының студенттері ҚР Білім және Ғылым министрлігі белгілеген грант негіздеріне қарай шәкіртақы алады.

Регламентте қарастырылмаған жайттар

11-бап. (1) Жоғарыдағы регламентте қарастырылмаған жайттар Қазақстан Республикасының зандарына қарай реттеледі.

Күші жойылған регламент


12-бап. (1) Осы регламенттің күшіне енуімен 06-07/05/2009 жылғы Өкілетті Кеңестің 34-мәжілісінде (шешім № 8.6) қабылданған Шетелдік студенттерді қабылдау регламенті өз күшін жояды.

Күшіне ену

13-бап. (1) Осы регламент, 2012-2013 оқу жылында өз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

14-бап. (1) Осы регламенттің ережелері Өкілетті Кеңес төрағасы, университеттің ректоры және ректор өкілі тарарапынан жүзеге асырылады.



Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің

Күні: 02/06/ 2012 Мәжіліс № 42 Шешім № 17.2.16

